

**ҚАЗТҰТЫНУ ОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ КАФЕДРАСЫ**

**ОҚУ ТАЖІРИБЕСІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ**  
**«Экология» мамандығы бойынша**  
**1 курс студенттері үшін**

**ҚАРАҒАНДЫ 2024 ж.**

Тәжірибе бағдарламасы кафедраның оқу-әдістемелік семинар отырысында баспаға мақұлданған және ұсынылған.

Хаттама № 1 18 желтоқсан 2023 ж.

Кафедра доценты А.С. Исабаевпен өңделді.

"Экология және Бағалау" кафедрасының меңгерушісі  
х.ғ.д., профессор



Байкенова Г.Г.

## **Нормативтік сілтемелер**

27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен). Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен). Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы. Кәсіптік стандарт: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығымен бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері (профессор-оқытушылар құрамы) үшін. Ұйымдастыру және өткізу ережелері

## **Тәжірибенің мақсаты мен міндеті**

Оқу тәжірибесі – өту кезінде студенттер мамандығын меңгеруге қажетті білім, білік және дағды алатын кәсіби тәжірибе түрі.

Оқу тәжірибесі мамандықтың модульдік білім беру бағдарламасына сәйкес ұйымдастырылады.

Оқу тәжірибесінің мақсаты студенттің ҚҚУ бағыттарымен, білім беру бағдарламаларымен, оқытылатын мамандық бойынша білім беру бағдарламаларымен, болашақ кәсіби қызметтің функциялары мен міндеттері түрлерімен танысу болып табылады.

## **Объектілері және тәжірибе орны**

Оқу тәжірибесінің базалары университет, оқу шеберханалары, зертханалар, виртуалды кәсіпорындар, кешендер, сондай-ақ болашақ кәсіби қызметіне сәйкес ұйымдар болып табылады

## **Іс-тәжірибесін ұйымдастыру**

Кәсіби іс-тәжірибені ұйымдастыру басқа кәсіпорындарда ҚҚЭУ және кәсіпорын (іс-тәжірибе базалары) арасында келісім шарт қорытындысы негізінде жүргізіледі.

Тәжірибені өту ҚҚУ және кәсіпорын арасында студент(тердің) тегі, аты-жөні көрсетіле отырып келісімшарт жасасу негізінде рұқсат етіледі.

Келісімшарттың тәжірибе базалары тәжірибені жүргізуге арналған, бекітілген келісімшарт нысанына сәкес шығарушы кафедрамен жасалады және ЦКМ жұмысқа орналастыру менеджері бойынша тіркеледі. Келісімшарттың түпнұсқасы кафедрада сақталады. Барлық келісімшарттар мен тәжірибе базалары оқу жылы басталғанға 1 ай қалғанда жасалуы тиіс.

### **Іс-тәжірибе жетекшілерінің міндеттері**

Университет тарапынан тәжірибе жетекшісі – мамандықтың ерекшелігін және тәжірибе базасының қызметін білетін, кафедра меңгерушісімен тағайындалған, және студенттермен тәжірибе мәселелері бойынша кеңестік жұмысқа жауапты тәжірибелі оқытушы.

Университет тарапынан тәжірибе жетекшісі міндетті:

-тәжірибе басталғанға дейін білім алушылардың тәжірибеге қажетті дайындықты ұйымдастыру және тәжірибе бағдарламаларына сәйкес кеңес жүргізу;

-кәсіпорынның практика жетекшісімен бірге тәжірибеден өту күнтізбелік-тақырыптық жоспар әзірлеу, кәсіпорын басшылығы арқылы (тәжірибе базалары) практиканттарға қажетті жағдайлар құру бойынша шаралар қабылдау;

-тәжірибе мерзімі мен оның мазмұнының сақталуын бақылауды жүзеге асыру, студенттерге тәжірибе бағдарламасын орындау кезінде әдістемелік көмек көрсету;

-білім алушының оқу тәжірибесін өту туралы есеп тексерісін жүргізу.

Кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісі – кәсіби тәжірибеге басшылықты жүзеге асыратын және студенттердің осы кәсіпорында тәжірибеден өту үдерісіне жауап беретін білікті маман.

Кәсіпорын тарапынан тәжірибе жетекшісі міндетті:

-тәжірибенің күнтізбелік-тақырыптық жоспары мен тәжірибе бағдарламасына сәйкес білікті басшылықты жүзеге асыру;

-әрбір білім алушының жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс талаптарымен қамтамасыз ету;

-білім алушы-практиканттарға еңбек қорғау жөніндегі нұсқаулықтар өткізу.

### **Студенттің міндеттері**

Студент практика өту барысында міндетті:

-тәжірибе бағдарламасын толық орындауға;

-қолданыстағы тәжірибе базасына тиісті ішкі тәртіп ережелеріне бағынуы керек;

-қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитарияны, еңбекті қорғау ережелерін үйренуге және қатаң сақтауға;

-тәжірибенің өтілуі туралы университет тарапынан тәжірибе басшысына жазбаша есеп ұсынуға.

### **Іс-тәжірибе бағдарламасы**

Іс-тәжірибе бағдарламасы – мазмұнының қысқаша және жүйелі баяндалуы тәжірибенің мақсаты мен міндеті, тәжірибенің өту орны, студент-практикантқа кәсіби талаптар, тәжірибе кезеңінің мазмұны, бағалау компоненттерінің критерийлері, есеп беру құжаттар тәртібін дайындау (тізбе, рәсімдеуге қойылатын талаптар және т.б.), есеп беру нысандарының үлгілері, тәжірибе бойынша есептерді қорғау мерзімдері.

### **Есепті жасау тәртібі**

Тәжірибе барысында жиналған, талданған және жүйеленген мәліметті қамтитын студенттің кәсіптік тәжірибеден өту тәжірибе бойынша қорытынды бақылау формасына есеп.

Есеп көлемі кемінде 10 беттен машинамен басылған мәтіннен тұруы қажет, 1,5 интервал арқылы №14 шрифтімен (TimesNewRoman) басылады. Есептің бірінші бетін рәсімдеу үлгісі қосымшада ұсынылған.

### **Іс-тәжірибе қорытындысын шығару**

Тәжірибе туралы есепті қорғау – студенттің комиссия алдында баяндамасы. Тәжірибе өту туралы есебі студенттің, оның тәжірибеде оқу барысында алған теориялық және тәжірибелік білімдері мен дағдыларын растайтын кәсіптік тәжірибе туралы есептің мазмұны бойынша комиссия алдында қорғалады.

Комиссия кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылады. Тәжірибені өту нәтижелері баллдық-рейтингтік, әріптік жүйесі бойынша бағаланады және студенттің GPA есептеу кезінде курстан курсқа ауысуында ескеріледі.